

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**«Қазақстан Халық партиясы»
Фракциясының депутаттарына**

2021 жылғы 15 сәуірдегі №ДЗ-144 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздің мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышқа қатысты жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалды қарап мынаны хабарлаймыз.

Мемлекеттік борышты (сыртқы және ішкі) басқарудың мемлекеттік стратегиясын әзірлеуге қатысты.

Бүгін Қазақстанда борыштық орнықтылықты бағалау кезінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта, Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында және Жаңа бюджет саясаты тұжырымдамасында белгіленген борыштық ковенанттар қолданылады. Тиісті ковенанттарда негізгі бағыттар мен индикативтік параметрлер регламенттелген, оларды ұстау мемлекеттік борыш деңгейін қауіпсіз мәндерде ұстап тұруға бағытталған.

Бұдан басқа, мемлекеттің борыштық міндеттемелерін реттеу құралдарының бірі лимиттеу болып табылады. Жыл сайын республикалық бюджет туралы заңда қарыз алу, мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктерді беру лимиттері белгіленеді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы реформалар жөніндегі Жоғары кеңестің макроэкономикалық саясат жөніндегі комитетінің отырыстарында мемлекеттік борышты басқару мәселесі де қаралуда.

Сондай-ақ, Үкімет елдің мемлекеттік борышты басқаруды жетілдіру мақсатында нормативтік құқықтық актілерге түзетулерді пысықтауда.

Осыған байланысты, мемлекеттік борышты басқару тәртібін арттыруға бағытталған тиісті тәсілдер әзірленетін болады және жаңа бюджет саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын өзектендіру шеңберінде өз көрінісін табады.

Қарыздарды тартуды жоспарлау, мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктерді беру кезеңінен бастап тартылған қаражатты жұмсау кезеңдеріне және олардың сапалы нәтижелерін бағалауға, оларды нақтылауға, азаматтық қоғамның қарыздарды тартудың барлық кезеңдерінде шешімдерді әзірлеуге және қабылдауға, сондай – ақ ақпаратты жариялауға дейінгі ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету бойынша нақты рәсімдерге қатысты

Қарыз алу процесі

- 1) бақылау және талдау рәсімдерін қоса алғанда, қарыз қаражатын тарту қажеттілігі туралы шешім қабылдау;
- 2) қарызды тарту, пайдалану, өтеу және оған қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын айқындау рәсімдерін, келіссөздер;
- 3) міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және кепілдіктер;
- 4) қарыз бойынша тиісті құжаттарды ресімдеу және қол қою;
- 5) қарыз шартын ратификациялау (мемлекеттік сыртқы қарыз алу кезінде);
- б) тараптардың міндеттемелерді орындауын есепке алу, қарыз қаражатын алу, пайдалану рәсімдерін қамтиды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, мемлекеттік кепілдіктерді алуға үміткер заңды тұлғалардың инвестициялық жобаларды, оның ішінде қаржыландыру көздерінен (*үкіметтік қарыз, мемлекеттік кепілдіктер беру, мемлекет кепілгерлігі*) жоспарлау кезінде сараптамалар мен тиісті қорытындыларды алу кезеңдерінен өтетін жобалау алдындағы құжаттама (ТЭН) әзірленетінін атап өткен жөн.

Анықтама: *Қаржы министрлігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес:*

Қарыз шарттарын жасасу жолымен Үкіметінің қарыз алуы республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында:

- 1) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру үшін;
- 2) институционалдық жобаларды іске асыру үшін;
- 3) мемлекеттік бағдарламаның бекітілген көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың іс-шараларын іске асыру үшін;
- 4) қарыз қаражатының бюджетке тікелей түсуі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік кепілдіктер беру процесі мынадай негізгі кезеңдерді:

- 1) инвестициялық жобаларды іріктеуді;
- 2) басым бюджеттік инвестициялық жобалар тізбесін қалыптастыруды, қарау мен бекітуді;
- 3) мемлекеттік кепілдікті беруді қамтитын іс-шаралар кешенінен тұрады.

Мемлекеттік кепілдіктер әрбір инвестициялық жоба бойынша Үкіметінің қаулылары негізінде беріледі.

Ережесіне сәйкес үкіметтік қарыз алу жөніндегі қарыз шарты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Парламентінің бекітуіне жатады.

Бұдан басқа, сыртқы үкіметтік қарыздар бойынша алынған қаражат республикалық бюджетте көрсетіледі және жоспарлы жылға арналған

республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оны орындау тәртібімен пайдаланылады.

Бюджеттік заңнамасына сәйкес мемлекеттік кепілдіктер, сондай-ақ кепілгерлік Үкімет шешімдерінің негізінде беріледі.

Осылайша, бюджеттік заңнамаға сәйкес жобаны іске асыруды қаржыландырудың оңтайлы көзін таңдау кезінде тиісті шешім нормативтік құқықтық актімен *(қарыз шарты, мемлекеттік кепілдікке берілетін инвестициялық жобалардың тізбесі, мемлекет кепілгерлігі)* бекітіледі.

Өз кезегінде, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Кеңесі әзірлеген Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің әзірленген жобалары түсіндірме жазбаларымен және оларға салыстырма кестелерімен *(заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда)* бірге – Елбасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жария талқылау үшін орналастырылады.

Осылайша, қаржыландыру көзін, жобаның көлемі мен шарттарын таңдаған кезде тиісті шешім нормативтік құқықтық акт түрінде жария талқылау рәсімінен өтетінін хабарлаймыз.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Бюджет кодексі бабының нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасы мемлекеттік борышының ағымдағы жай-күйі, мемлекеттік борышты өтеу есебіне төленген ақша сомасы, берілген мемлекеттік кепілдіктер мен мемлекет кепілгерліктері және кепілдіктер мен кепілгерліктер бойынша төленген ақша сомалары туралы мәліметтер ашық болып табылатынын және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның статистикалық ақпарат нысанында тоқсан сайын ресми жариялауға жататынын атап өту қажет.

Осылайша, көрсетілген заңнамада бюджет қаражатын жоспарлау және жұмсау бөлігінде мемлекеттік органдардың ашықтығы мен бақылауының тетігі, сондай-ақ азаматтық қоғамның шешімдер қабылдау процестеріне қатысуы көзделген.

Құзыретті және арнаулы мемлекеттік органдар, жұртшылық және БАҚ тарапынан берілген мемлекеттік кепілдіктер мен кепілгерліктер бойынша қарыздардың, қаражаттың жұмсалыуына қатаң бақылауды қамтамасыз етуге қатысты.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 тамыздағы № 917 Жарлығымен бекітілген Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ережесіне сәйкес Есеп комитетінің функциялары мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышты, сондай-ақ мемлекет кепілгерліктері бойынша борышты қалыптастыру мен басқарудың, байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және

мемлекет активтерін пайдаланудың тиімділігіне аудит жүргізу, республикалық бюджет қаражатын, оның ішінде нысаналы трансферттер мен кредиттерді, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды, мемлекет кепілгерліктері мен активтерін пайдаланудың, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелердің орындалуын қаржыландырудың сәйкестігіне аудит жүргізу болып табылады..

Осылайша, жоғарыда көрсетілген ұсыныс Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Есеп комитетінің құзыретіне кіретінін хабарлаймыз.

Сондай-ақ, бүгінгі күні қарыздардың, берілген мемлекеттік кепілдіктер мен кепілдемелер бойынша қаражаттың жұмсалуына бақылау «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде жүзеге асырылады.

Ә. Смайылов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам Фракции
«Народной партии
Казахстана»**

На № ДЗ-144 от 15 апреля 2021 года

Уважаемые депутаты!

На Ваш запрос касательно государственного и гарантированного государством долга сообщаем следующее.

Касательно разработки государственной стратегии управления государственным долгом (внешним и внутренним).

На сегодня при оценке долговой устойчивости в Казахстане применяются долговые ковенанты, установленные Договором о Евразийском экономическом союзе, Концепцией формирования и использования средств Национального фонда и Концепцией новой бюджетной политики. Соответствующими ковенантами регламентированы основные направления и индикативные параметры, выдерживание которых направлено на поддержание уровня государственного долга в безопасных значениях.

Кроме того, одним из инструментов регулирования долговых обязательств государства является лимитирование. Ежегодно законом о республиканском бюджете устанавливаются лимиты заимствований, предоставлений государственных гарантий и поручительств.

При этом на заседаниях комитета по макроэкономической политике Высшего совета по реформам при Президенте Республики Казахстан также рассматривается вопрос управления государственным долгом.

Правительством в целях совершенствования управления государственным долгом страны прорабатываются поправки в нормативные правовые акты.

В этой связи, в текущем году будут выработаны соответствующие подходы, направленные на повышение дисциплины управления госдолгом,

которые найдут свое отражение в рамках актуализации Концепции новой бюджетной политики до 2030 года.

Касательно четких процедур по обеспечению прозрачности и открытости – от этапа планирования привлечения займов, предоставления госгарантий и поручительств до этапов расходования привлеченных средств и оценки их качественных результатов, их детализации, участия гражданского общества в разработке и принятии решений на всех этапах привлечения займов, а также в опубликовании информации

Процесс заимствования включает в себя процедуры:

- 1) принятия решения о необходимости привлечения заемных средств;
 - 2) определения порядка и условий привлечения, использования, погашения и обслуживания займа;
 - 3) переговоров, обеспечения и гарантий исполнения обязательств;
 - 4) оформления и подписания соответствующих документов по займу;
 - 5) ратификации договора займа (при государственном внешнем заимствовании);
- б) получения, использования средств займа, включая процедуры учета, контроля и анализа исполнения обязательств сторонами.

Следует отметить, что при планировании инвестиционных проектов, в том числе источников финансирования (*правительственный займ, предоставление государственной гарантий, поручительства государства*), администраторами бюджетных программ, юридическими лицами, претендующими на получение государственных гарантий, разрабатывается предпроектная документация (ТЭО), которая проходит этапы экспертиз и получения соответствующих заключений.

Справочно: в соответствии с Правилами исполнения бюджета и его кассового обслуживания, утвержденными приказом Министра финансов № 540 от 4 декабря 2014 года (далее – Правила), заимствование Правительства путем заключения договоров займа осуществляется в целях финансирования дефицита республиканского бюджета:

- 1) для реализации бюджетных инвестиционных проектов;
- 2) для реализации институциональных проектов;
- 3) для реализации мероприятий государственных программ в целях достижения установленных показателей государственной программы;
- 4) путем прямого поступления средств займа в бюджет.

Процесс предоставления государственных гарантий включает комплекс мероприятий, содержащий следующие основные этапы:

- 1) отбор инвестиционных проектов;
- 2) формирование, рассмотрение и утверждение перечня приоритетных инвестиционных проектов;
- 3) предоставление государственной гарантии.

Государственные гарантии предоставляются на основании постановлений Правительства по каждому инвестиционному проекту.

В соответствии с Правилами договор займа по правительственным заимствованиям подлежит ратификации Парламентом в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан.

Кроме того, средства, полученные по внешним правительственным займам, отражаются в республиканском бюджете и используются в порядке его

исполнения в соответствии с Законом Республики Казахстан о республиканском бюджете на плановый год.

В соответствии с бюджетным законодательством государственные гарантии, а также поручительства, предоставляются на основании решений Правительства.

Таким образом, в соответствии с бюджетным законодательством при выборе оптимального источника финансирования реализации проекта соответствующее решение утверждается нормативным правовым актом (*договор займа, перечень инвестиционных проектов под государственную гарантию, поручительства государства*).

В свою очередь, в соответствии с пунктом 4 статьи 18 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» разработанные проекты подзаконных нормативных правовых актов вместе с пояснительными записками и сравнительными таблицами к ним (*в случаях внесения изменений и (или) дополнений в подзаконные нормативные правовые акты*), за исключением проектов нормативных правовых актов Президента Республики Казахстан, разработанных Канцелярией Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, Администрацией Президента Республики Казахстан, до направления на согласование в заинтересованные государственные органы размещаются для публичного обсуждения на интернет-портале открытых нормативных правовых актов.

Таким образом отмечаем, что при выборе источника финансирования, объемов и условий проекта соответствующее решение проходит процедуру публичного обсуждения в виде проекта нормативного правового акта.

Кроме того, в соответствии с нормами статьи Бюджетного кодекса сведения о текущем состоянии государственного долга Республики Казахстан, сумме денег, выплаченных в счет погашения государственного долга, выданных государственных гарантиях и поручительствах государства, и суммах денег, выплаченных по гарантиям и поручительствам, являются открытыми и подлежат ежеквартальному официальному опубликованию центральным уполномоченным органом по исполнению бюджета в форме статистической информации.

Также действующим законодательством предусмотрен механизм открытости и подконтрольности государственных органов в части планирования и расходования бюджетных средств, а также участия гражданского общества в процессах принятия решений.

Касательно обеспечения жесткого контроля над расходованием займов, средств по предоставленным госгарантиям и поручительствам, со стороны компетентных и специальных государственных органов, общественности и СМИ.

В соответствии с Положением Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, утвержденным Указом Президента Республики Казахстан от 5 августа 2002 года № 917, функциями Счетного комитета являются проведение аудита эффективности формирования и управления государственным и гарантированным государством долгом, а также

долгом по поручительствам государства, использования связанных грантов, бюджетных инвестиций, государственных и гарантированных государством займов, займов, привлекаемых под поручительство государства и активов государства, проведение аудита соответствия использования средств республиканского бюджета, в том числе целевых трансфертов и кредитов, связанных грантов, государственных и гарантированных государством займов, займов, привлекаемых под поручительство государства, поручительств и активов государства, а также финансирования исполнения государственных обязательств по проектам государственно-частного партнерства, в том числе государственных концессионных обязательств.

Таким образом, вышеуказанное предложение входит в компетенцию Счетного комитета, высшего органа государственного аудита и финансового контроля, непосредственно подчиненного и подотчетного Президенту Республики Казахстан.

Также следует отметить, что на сегодня контроль над расходованием займов, средств по предоставленным госгарантиям и поручительствам, осуществляется в рамках Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле».

А. Смаилов

